«Бекітемін»
«Қарақобда мектеп-бала бақша»КММ
қамқоршылық кеңес төрағасы:
___________ Е.Алиев
«28» __08_____2025 ж

**«Қарақобда мектеп-бала бақша»КММ бойынша 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары**

| № | Іс-шаралардың аталуы | орындалу мерзімі | орындалуына жауапты | аяқталу формасы |
|---|---|---|---|---|
| | ***І. Ұжымның жалпы жиналысы (педагогтер мен ата-аналар)*** | | | |
| 1 | ***Қаралатын мәселе:*** <br>1.Кеңестің жылдық жұмысының қорытынды есебі | мамыр | Е.Зиядинов <br>Е.Алиев | есеп, хаттама |
| | ***ІІ. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары*** | | | |
| 1 | ***№1 отырыс:*** <br>1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы. <br>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығының 3 бөлімі 25 тармағына сәйкес мектеп формасын сақтау мәселесін талқылау | тамыз | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев <br><br>Мектеп директоры Е.Зиядинов | жоспар, хаттама, шешім |
| 2 | **№2 отырыс:** <br>1.Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің шешілу жайы <br>2."Қамқорлық" акциясының ұйымдастырылуы <br>3.Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру | желтоқсан | Мектеп директоры Е.Зиядинов <br><br>Әлеуметтік педагог С.Асмадин <br>ДТЖЖО <br>Б.Макатова | хаттама |
| 3 | **№3 отырыс:** <br>1.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы <br>2.Құқықбұзушылықтың алдын алу және оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері | наурыз | Әлеуметтік педагог С.Асмадин <br>ДТЖЖО <br>Б.Макатова | хаттама |
| 4 | **№4 отырыс:** <br>1. Оқу жылының қорытындысы <br>2.Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру <br>3.Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары. <br>4. Мектепке бөлінген қаржы- қаражаттың жұмсалуы туралы. | маусым | Мектеп директоры Е.Зиядинов <br>ДТЖЖО <br>Б.Макатова <br>ДТЖЖО <br>Б.Макатова <br>Мектеп директоры Е.Зиядинов | Шешім, хаттама |

AnyScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***III. Ағымдағы ұйымдастырушылық іс-шаралар*** | | | | |
| 1 | ***Мектептегі:***<br>1) ата-аналар комитетімен;<br>2) педагогикалық кеңеспен;<br>3) оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымымен қарым-қатынас орнату және олардың қызметтерінің сапасын көтеруге қолдау | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев<br><br>Кеңес мүшелері | Бірлескен іс-шаралар жоспары |
| 2 | Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушыларға материалдық көмек көрсету мақсатында бюджеттен тыс қаржы көздерін іздестіру | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев<br><br>Кеңес мүшелері | Келісім шарттар |
| 3 | Құқық қорғау, өрттен сақтау, және т.б. органдарымен бірлесе отырып оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру, жүргізу | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | іс-шаралар жоспары |
| ***IV. Жалпы іс-шаралар*** | | | | |
| 1 | Мемлекеттік және мектепішілік мерекелерді ұйымдастыруға атсалысу: | жыл бойы | Кеңес мүшелері | жоспар |
| 2 | Білім беру ұйымдарындағы ата-аналарға педагогика-психологиялық қолдау көрсету ісіне атсалысу | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | жоспар |
| 3 | Оқушыларды теріс ниеттегі діни ағымдар ықпалынан қорғау жұмыстарына қолдау көрсету | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | жоспар |
| 4 | Мектеп ауласын абаттандыру мен оқу кабинеттерін жабдықтау ісіне ата-аналарды тарту | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | жоспар |
| 5 | «Тәуекел» тобындағы, түрлі есептерге алынған оқушылармен тәрбиелік-коррекциялық жұмыстарға көмек беру | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | жоспар |
| 6 | Ата-аналардың қатысуымен өтетін мектепішілік шараларды ұйымдастыру:<br>1) спорттық жарыстар;<br>2) интеллектуальдік сайыстар;<br>3) ата – аналарды тәрбие сағаттарын өткізуге тарту. | жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | жоспар |
| 7 | Оқушылардың жазғы еңбек практикасын өткізуге мектеп әкімшілігіне көмек көрсету | жазғы каникул | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алиев | жоспар |

Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: *[signature]* Б.Макатова

AnyScanner

киім үлгісі міндетті болып табылады!

Айтылған пікірлерді ескере отырып, қамқоршылық кеңес мүшелері төмендегідей қаулы қабылдайды.

Қаулы:

1. "Қарақоба мектеп – бала бақша" КММ бойынша 2024-2025 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары бекітілсін.
2. Мектеп формасына қойылатын талаптар туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен таныстыру мақсатында әр сыныптың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төраға: Е. Алиев

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

А. Құрамысов

А. Айтаханов

Қ. Изтлеуов

А. Назибеков

А. Орынбаева

А. Сартабанов

Хатшы:

Б. Макатова

"Қарақоба мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №2

Өткізілген уақыты: 27.12.2024ж.

Отырыстың басталуы: $10^{00}$

Отырыстың аяқталуы: $10^{50}$

Қатысқандар: Мектеп директоры – Е. Зияданов, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, хатшы – Б. Макатова, Алиев Ербол – ауыл тұрғыны, кеңес төрағасы, Назибеков Айбек – Аға ауданы ПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы



полиция капитаны, кеңес мүшесі, Изтлеуов Қайрат ЖК басшысы, кеңес мүшесі, Орынбаева Айгерім – Қарақоба (мек) ауылдық кітапхана меңгерушісі, кеңес мүшесі, Сартабанов Абдижали – зейнеткер ұстаз, кеңес мүшесі, Құрамысов Ашим – ауылдың әкімшіліктің бас маманы, кеңес мүшесі, Айтаханов Азамат – ауылдық әкімшіліктің жетекші маманы, кеңес мүшесі.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігінің қамтамасыз ету мәселелерінің шешілу жайы.
   Мектеп директоры Е. Зияданов.
2. "Қамқорлық" акциясының ұйымдастырылуы
   Әлеуметтік педагог С. Асмадин
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
   ДТЖЖО Б. Макатова.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша мектеп директоры Е. Зияданов оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері туралы таныстырды.

"Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бастауыш сыныптарда "Дүниетану" пәнінен және жоғары сыныптарда "Дене шынықтыру" пәнінен өмір қауіпсіздігі негіздері таныстырылуда. Сонымен қатар, 1-11 сыныптарда жыл бойы іс-шаралар жоспары бойынша тәрбие сағаттары өткізілуде. Сондай-ақ барлық сыныптарда тәрбие сағаттары есебінен апта сайын 10 минут әр сыныпқа арналған бағдарлама бойынша "қауіпсіздік сабақтары" жүргізіледі.

2-мәселе бойынша әлеуметтік педагог С. Асмадин оқушыларға берілген көмек туралы айтты:

"Мектепке жол" Республикалық акциясы 2024ж. 1 тамызында "Жақсылық жаса" ұранымен басталды. Акция аясында "Қуаныш" шаруа қожалығының басшысы Құдайбергенов Берік Әлірзақұлы 11 оқушыға 280 мың теңгеге

мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын, сонымен
қатар спорттық костюмдерін сыйға берді.
2024 жылы 26 желтоқсан күні күн көрісі
төмен отбасының 2 оқушысына аудан әкімінің
жаңа жылдық сыйлықтары табысталды".

3-мәселе бойынша ДТЖЖО Б. Макатова оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдарын табуда екенін айтты.

"Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте 5 спорттық секция ("Үстел теннисі", "Кіші футбол" (1-4 кл), "Кіші футбол" (3-7 кл), "Жас волейболшылар", "Дойбы") және 2 үйірме ("Домбыра дастан", "Жас үміт") жұмыс жасайды. Үйірмеге - 40, спорттық секцияға - 63 оқушы қатысады. Сонымен қатар, оқушылар өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері ретінде барлық қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады."

Қаулы:
1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігінің қамтамасыз ету мәселелері жалғастырылсын.
2. "Қамқорлық акциясының" ұйымдастырылуы мүмкіндігінше жыл бойы жүргізілсін.
3. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру жолдарын тапсын.

Төраға: Е. Әлиев. [signature]

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Д. Назибеков [signature]
А. Сартабанов [signature]
А. Құрамысов [signature]
А. Айтаханов. [signature]
Қ. Изтлеуов [signature]
Д. Орынбаева. [signature]

Хатшы: [signature] Б. Макатова.



"Қарақоба мектеп-бала бақша" коммунал-
дық мемлекеттік мекемесі бойынша
қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №3.

Өткізілген уақыты: 20.03.2025ж.
Отырыстың басталуы: $10^{00}$
Отырыстың аяқталуы: $10^{50}$

Қатысқандар: Мектеп директоры: Е. Заядинов, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, хатшы - Б. Макатова, Әлиев Ербол - ауыл тұрғыны, кеңес төрағасы, Назибеков Әйбек - Алға ауданы ПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны, кеңес мүшесі Сартабанов Әбдіжәли - зейнеткер ұстаз, кеңес мүшесі, Құрамысов Әлішер - ауылдық әкімшіліктің бас маманы, кеңес мүшесі, Айтаханов Азамат - ауылдық әкімшіліктің бас маманы, кеңес мүшесі, Орынбаева Айгерім - ауылдық кітапхана меңгерушісі, кеңес мүшесі, Изтлеуов Қайрат - жеке қожалық иесі, кеңес мүшесі.

Күн тәртібінде:
1. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы.
Әлеуметтік педагог: С. Асмадин.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу және оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері.
ДТЖЖО. Б. Макатова.

1-мәселе бойынша әлеуметтік педагог С. Асмадин оқушыларға берілген көмек туралы айтты:
"Мектепке жол" Республикалық акциясы 2024 жылдың 1 тамызында "Жақсылық жаса" ұранымен басталды. Акция аясында "Қуаныш" шаруа қожалығының басшысы Құдайбергенов Берік Әмірқұлы 11 оқушыға 280 мың теңгеге мектеп сөмкесі мен оқу-құралдарын, сонымен қатар спорттық

костюмдерін сыйға берді.

2024 жылы 26 желтоқсан күні күн көрісі төмен отбасының 2 оқушысына аудан әкімінің жаңа жылдық сыйлықтары табысталды" Сонымен қатар күн көрісі төмен отбасының 2 оқушысына ұстаздар демеушілігімен оқу құралдары алып берілді.

2-мәселе бойынша ДТЖМО Б. Макатова құқықбұзушылықтың алдын алу оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жалғасын табуда екенін айтты.

"Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте 5 спорттық секция ("Үстел теннисі", "Кіші футбол" (1-4 кл), "Кіші футбол" (3-7 кл), "Жас волейболшылар", "Дойбы") және 2 үйірме - ("Домбыра - дастан", "Жас үміт") жұмыс жасайды. Үйірмеге - 40, спорттық секцияға - 63 оқушы қатысады. Сонымен қатар, оқушылар өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері ретінде барлық қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады."

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдтер жүргізіліп, тәрбие сағаттары, Алға ауданы ПБ. ЖПКБ учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны А.Ғ. Назибековпен кездесу ұйымдастырылды.

Қаулы:

1) Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мүмкіндігінше жыл бойы жүргізілсін.
2) Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру жалғасын тапсын.

Төраға: С. Әлиев

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: А. Сарпабаева

А. Құрамысов

А. Ақтаханов.

Қ. Изтлеуов

А. Назибеков

Орынб. А. Орынбаева



Хатшы: Б. Макатова.

"Қарақобда мектеп-бала бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қамқоршылық кеңесі отырысының

хаттамасы №4

Өткізілген уақыты: 02.06.2025ж.

Отырыстың басталуы: $10^{00}$

Отырыстың аяқталуы: $10^{50}$

Қатысқандар: 5.

Күн тәртібінде:

1) 2024-2025 оқу жылының қорытындысы
2) Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру
3) Мектеп аумағын ұйымдастыру абаттандыру жұмыстары.
4) Мектепке бөлінген қаржы-қаражаттың жұмсалуы туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Махмуд кеңес мүшелерін оқу жылының қорытындысымен таныстырды.

2-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б. Макатова балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы мәлімет берді. "Оқушылардың жазғы демалысын "Айгөлек" мектеп жанындағы алаңда маусым айында 2 ауысымда өткізу ұйымдастырылуда. Жазғы алаңға 1-7 сынып оқушылары, еңбек лагеріне 8-9 сынып оқушылары қамтылмақ.

3-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б. Макатова "Мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Ең алдымен мектеп айналасына тазалық жұмыстары жүргізілді. Сенбілік жұмыстары жалғасын тапты. Қарақобда мектеп—

бала бақшасы "Асыл жүрек" еріктілер тобы "Тал - бейбітшілік нысаны" атты тал егу акциясын қолдау, мектеп ауласын абаттандыру мақсатында мектеп ауласына тал екті. Сонымен қатар жеміс ағаштары егілді".

4-мәселе бойынша мектеп директоры Е. Зиядинов 2024-2025 оқу жылының II жарты жылдығында мектепке бөлінген қаржы-қаражаттың жұмсалуы туралы есеп берді.

Сартабанов Ә. - қамқоршылық кеңесінің мүшесі:
- Биылғы оқу жылында мектепте болған біраз жақсы жаңалықтардың куәсі болып отырмыз. Мектеп басшысы мен орынбасарларының есебін "қанағаттанарлық" деп бағалаймын.

Құрамысов Алишер - қамқоршылық кеңесінің мүшесі:
- Мен де бұл пікірге келісемін. Мектеп басшысы Е. Зиядиновтың есебін және мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Махмудтың 2024-2025 оқу жылының қорытындысын, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б. Макатованың жасаған баяндамасын "қанағаттанарлық" деп бағалаймын. Алдағы уақытта да жетістік тілеймін.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

Шешім:

1) 2024-2025 оқу жылының қорытындысы "қанағаттанарлық" деп бағалансын.
2) Оқушылардың жазғы демалыстарын қызықты, денсаулықтарын нығайтып, тиімді демалу мен бос уақыттарын мазмұнды ұйымдастыру мақсатында арнайы бөлме дайындалып, жұмыс жоспарлары құрылып, жауапты адамдар бекітілсін.
3) Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жандандырылсын.
4) Мектеп директоры Е. Зиядиновтың "2024-2025 оқу жылының II жарты жылдығында мектепке бөлінген қаржы-қаражаттың жұмсалуы туралы" есебі "қанағаттанарлық" деп бағалансын.



Төраға: Е. Алиев.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
Ә. Сартабанов
А. Құрамысов.
А. Айтаханов.
А. Орынбаева

Хатшы: Б. Макатова.

Қарақобда мектеп-бала бақша коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №1.

Өткізілген уақыты: 29.08.2025ж.
Отырыстың басталуы: $10^{00}$
Отырыстың аяқталуы: $10^{50}$

Қатысқандар: Мектеп директоры: Е. Зиядинов, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, хатшы - Б. Макатова, Алиев Ербол - ауыл тұрғыны, кеңес төрағасы, Назибеков Айбек - Алға ауданы ПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны, кеңес мүшесі, Сартабанов Әбдижали - зейнеткер ұстаз, кеңес мүшесі, Құрамысов Алишер - ауылдық әкімшіліктің бас маманы, кеңес мүшесі, Айтаханов Азамат - ауылдық әкімшіліктің жетекші маманы, кеңес мүшесі, Орынбаева Айгерім - ауылдық кітапхана меңгерушісі, кеңес мүшесі, Изтлеуов Қайрат - жеке қожалық иесі, кеңес мүшесі.

Күн тәртібінде:

1) Қарақобда мектеп бала-бақша КММ бойынша 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарын бекіту туралы.
2) ҚР Білім және ғылым министрінің

AnyScanner

2016 жылғы 14 қаңтардағы "Орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы" №26 бұйрығының 3-бөлімі 25 тармағына сәйкес мектеп формасын сақтау мәселесі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Е. Алиев "Қарақобда мектеп-бала бақша" КММ бойынша 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелері бірауыздан келісімдерін берді.

2-мәселе бойынша мектеп директоры Е. Зиядинов сөз алды:

ҚР "Білім туралы" Заңының 47-бабының 15-1 тармағында "Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті" деп көрсетілген. Ал 49-бабының 2-тармағының, 6-7 тармақшаларына 2024 жылғы 23 ақпанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері белгіленіп көрсетілген.

- 6 тармақша: білім беру саласындағы уәкілетті орган белгіленген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 7 тармақша; білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті делінген.

Сонымен қатар, "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы басшылыққа алынды.

(Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте, кардиган, поло жейде, немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж, жилет, водолазка) Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша табақты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, мерекелік жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, сарафан, водолазка)

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

"Бірыңғай мектеп формасының талаптары ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" №319 заңының нормаларынан туындап отыр. Осы заңға сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілді. Осылайша мектеп формасы еліміздің орта білім беру ұйымдарында киюге міндеттелген оқушылардың бірыңғай киім үлгісі болып табылады.

Сөйлегендер:

А. Назибеков - қамқоршылық кеңесінің мүшесі: "1-мәселе бойынша Қарақобда мектеп-бала бақша" КММ бойынша 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстық. Толықтай келісемін.

2-мәселе бойынша Қазақстанның әр аймағында ата-аналары орамал таққан оқушылардың әлі наразылық білдіретінін байқап жүрміз. Алайда, билік бұл тенденцияларға шектеу қойып жатыр. Себебі, мектеп формасын киіп, жүруге қойылатын міндет білім берудің зайырлы сипатын іске асыру қажеттілігінен туындап отыр.

А. Құрамысов - қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



AnyScanner

"1-мәселе бойынша Қарақобда мектеп-бала бақша" КММ бойынша 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстым, құптаймын.

2-мәселе туралы өз ойымды айта кетейін. Мектеп формасының өскелең ұрпақтың жүріс-тұрысына, денсаулығына, жалпы дамуына тигізетін оң ықпалы зор болғандықтан, мектеп формасын киюге міндеттелген оқушылардың бірыңғай киім үлгісі міндетті болып табылады. Айтылған пікірлерді ескере отырып, қамқоршылық кеңес мүшелері төмендегідей қаулы қабылдайды:

Қаулы:

1) "Қарақобда мектеп-бала бақша" КММ бойынша 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары бекітілсін.
2) Мектеп формасына қойылатын талаптар туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен таныстыру мақсатында әр сыныптың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төраға: Е. Алиев

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

А. Құрамысов
А. Айтаханов
Қ. Изтлеуов
А. Назибеков
А. Орынбаева
А. Сартабанов

Хатшы: Б. Макатова.